



ҚАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТЕРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗІЯ ҰЛТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



ЖАС ҒАЛЫМДАР ҚӘНЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАГЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

**УДК 001:37.0
ББК72+74.04
F 96**

F96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия үліттық университеті, 2015

языке вышла книга британского историка Н. Хеншелла с красноречивым названием - «Миф абсолютизма». Автор на протяжении всего исследования опровергает основные теоретические положения концепции абсолютизма. Он анализирует социальный состав правящей элиты, степень централизации, идеологические построения, роль сословных органов, фискальную политику государства, жизнеспособность монархий и попытки реформ и многое другое. Вывод совершенно однозначен: термин «абсолютизм» не соответствует своему содержанию, он деформирует и искажает исторические реалии, порождает историографические штампы, ставит в один ряд страны в совершенно разными моделями развития (например, Францию и Россию), исключает Англию из общеевропейского исторического процесса. Автор так подводит итог своей работы: «...абсолютистский сценарий поздно исправлять. Никакие вырезки и переписывания не смогут его спасти... Сохранять название «абсолютизм», изменяя большую часть его содержания – полумера, ведущая к непоправимым заблуждениям...нет нужды далее продлевать ему жизнь» [7].

Сказанного выше достаточно, чтобы понять, насколько сложна и неоднозначна проблематика европейского абсолютизма, что бы ни подразумевалось под этим термином. Соответственно, огромные перспективы открываются перед правоведами и историками – исследователями Нового времени; в равной степени важен и актуален и историографический анализ феномена абсолютизма.

Список использованных источников

- 1 Марасинова, Е.И. Абсолютизм /Е.И. Марасинова //Новая российская энциклопедия /Гл. ред. А.Д. Некипелов. Т.2. – М.: «Энциклопедия», «Инфра-М», 2005. – С. 26-27.
- 2.Ляхович Л.В. Европейский абсолютизм: проблемное поле историографии <http://www.rusnauka.com/8>
3. Королевский двор в политической культуре средневековой Европы: Теория. Символы. Церемониал /Отв. ред.Н.А. Хачатурян: Московский государственный университет; Ин-т всеобщей истории. – М.: Наука, 2004. – 540 с. См. также: Священное тело короля: Ритуалы и мифология власти / Отв. ред. Н.А.Хачатурян; Ин-т всеобщ. Истории РАН; МГУ им. М.В.Ломоносова. – М.: Наука, 2006. – 484 с.
4. Шоню, П. Цивилизация классической Европы /Пьер Шоню; Пер. с франц. и послесл. В. Бабинцева. – Екатеринбург: У-Фактория, 2005. – 608 с.
5. Ле Руа Ладюри, Э. История Франции. Королевская Франция. От Людовика XI до Генриха IV. 1460-1610 /Эмманюэль Ле Руа Ладюри; Пер. с фр. Е.Н. Коренякова и В.А. Павлова. – М.: Междунар. отношения, 2004. – 416 с.
6. Дэвис, Н. История Европы /Н.Дэвис; Пер. с англ. Т.Б. Менской. – М.: ООО «Издательство АСТ»; ООО «Транзиткнига», 2004. – С.425-426.
7. Хеншелл, Николас. Миф абсолютизма: Перемены и преемственность в развитии западноевропейской монархии раннего Нового времени /Пер. с англ. А.А. Паламарчук при участии Л.Л. Царук, Ю.А. Махалова;Отв. ред. С.Е. Федоров. – Спб.: Алатейя, 2003. – С. 240.

УДК 37.0 (35.3)

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІң ҚАЛЫПТАСУ
ТАРИХЫ**

Ораз Рсай

Rsai_96_1005@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҮУ, Зан факультетінің 1-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші: з.ғ.к., доцент Б.Ә. Алтынбасов

Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының жаһандану жағдайында барынша қанат жайып келе жатқан саяси-құқықтық қырлары бар. Осыған орай аталған саясаттың

маңызды бағыттарының бірі саяси жүйемізге сәйкес қызметті құқықтық қамтамасыз ету болып табылады. Біздің елімізде мемлекеттік және қоғамдық институттардың қарқынды, жүйелі дамуына ықпал ететін, тәуелсіз Қазақстанның орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ететін бірқатар аса маңызды заңнамалық актілер қабылданғанын ерекше атап өтуімізге болады [1.3]. Сондықтан да Қазақстан Республикасының саяси жүйесінің мемлекеттік-құқықтық негізіне қатысты мәселелерді зерделеу бүгінгі таңда өзекті болып табылады. «Ұлттық құқықтық жүйенің негізі конституциялық құқық болып табылады. Оның қарыштап дамуы конституциялық реформа нәтижесінде елеулі түрде жаңаарған Қазақстанның қолданыстағы Конституцияның принциптері мен нормаларына сүйенеді. Біздің мемлекетіміздің Конституациясында бекітілген Республика қызметінің түбебейлі принциптерін (бұл: қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық, барша халықтың игілігі үшін экономикалық даму, қазақстандық патриотизм, мемлекеттік өмірдің неғұрлым маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен шешу) сақтау мен іске асыру елдің орнықты әлеуметтік-экономикалық және саяси-құқықтық дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді» [2. 3].

Осы орайда біз тәуелсіз Қазақстанның саяси жүйесінің конституциялық-құқықтық негізіне қатысты мәселені зерделеуді жөн көрдік. 1995 жылғы Ата Заңымызды құнделікті оқып үйрену, оның басты қағидаларымен мұқият танысу, оның әрбір әрпінің астарында аса зор мән-мағына барын көрсетеді. Өйткені әрбір азаматтың міндеті Ата Заңды және соның негізінде қабылданған Қазақстан Республикасы заңдарын бұлжытпай орындау болып табылады. 1995 жылғы Конституция біздің мемлекетіміздің тарихындағы тұңғыш Ата заң емес. Қазақстан Республикасы өзінің егемен мемлекет ретінде қалыптасуында конституциялық-құқықтық дамудың бірнеше сатыларынан өтті. Еліміздің Ата заңының қалыптасуына белсенді түрде үлес косып, оны негіздеу жұмыстарына жетекшілік жасаған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев еліміздің конституциялық дамуына қатысты былай деп жазады: «Жалпы таным тәжірбесі және соның ішінде Қазақстанның мемлекеттік-құқықтық дамуы елдің конституциялық қалыптасу тарихынсыз жаңа тәуелсіз мемлекеттің конституционализм теориясы да болмайтындығын үйретеді» [3.10]. Ал біздің мемлекетіміздің тарихи құқықтық негізі теренде. Сонау Түркі заманынан қалыптасқан мемлекеттің құқықтық негіздері, біздің мемлекетіміздің мемлекеттілігін шындағы түседі.

Көне Түріктердің мемлекеттік басқару және құқықтық жүйесі. Ерте Түрік мемлекеттері дамыған қоғамдық – саяси жағдайда өмір сүрді. Түріктердің бірнеше мемлекеттері болғанымен олардың ішкі саяси құрылышы, тұрмысы мен шаруашылығы ұқсас, тілдері мен мәдениеті бірдей еді. Түріктер қоғамында дамыған мемлекеттің барлық белгілері болды. Көне Түркі мемлекеттерінің ең жоғарғы билік иесі – Тәнір текті Ұлы Қаған. Өкіметтің де, үкіметтің де жарлығын, үкімін, шешімін қабылдаушы бірінші адам – қаған. Қаған әскер басылары мен мемлекеттік аппаратты және ұлыстарды билеген бектерді, жадтарды, елтеберлер мен жабғуларды т.б. бекітті, орнынан босатты. Сондай – ақ қаған жайылымдарды бөлуге басшылық жасап, көшіп – қону бағыттарын анықтады. Қаған мемлекеттегі жоғарғы сот билігін жүргізуші де болды. Елдегі құқықтық тәртіптің ережелерін бекітті. Түрік қағандары Ашина әулетінен тарағандардан ғана сайланатын. Қытай мәліметтеріне қарағанда елде ханды жариялаудың күрделі рәсімі болған: бекзаттар оны ақ киізге отырғызып. Құн жолының ыңғайымен қаумалаған қалың жұрттың құттықтаған айқай қиқуы үстінде шенберді тоғыз рет айналып, дереу жібек бұғау салып, оны қолма – қол босаңсытып одан неше жыл хан болғың келеді?» – деп сұраған. Бірак сұрақтың ел басқару мерзіміне анықтау ісінде қандай рөл атқарғаны жайлы түріктер тарихында онша мәлім емес. Бәрінен де дұрысы, бұл әдет хан тайпа көсемі болып саналатын кездің салты есебінде сақталып қалған тәрізді. Тәж – нақты мұрага қалдыру күрделі жүйе арқылы жүргізілетін болған [4.44]. Қаған сондай-ақ жоғарғыabyzdyң да рөлін атқарды. Кейбір деректерде қағанның „аспан тектес“, „аспаннан жаратылғаны“ туралы да көп айтылған. Осыған қарағанда қаған әулетінің артықшылығы үнемі дәріптеліп, көне түрік жазбаларында қаған мен бектерді халықтың құрмет қылып сайлауы қажет екендігі, тек қаған мен оның әулетінің

“ халықты асырауға” қабілетті екендігі жазылған. Мәселен Мұқан қаған (553 – 572) “ халықты жақсы тойындырыдь” десе, Білге қаған туралы “ жалаңаш халықты киіндірді” , “ Аш халықты тойындырыдь”, “ Кедей халықты ауқатты етті”, соның арқасында “ Түрік халқы көп нәрсеге қол жеткізді” , ол және оның інісі Құлтегін “ Түрік халқы үшін күндіз әрекет жасап, түнде ұйықтамады” деп жазылған. Мемлекеттің ханнан кейінгі бірінші адамы жабғы болған. Тұptеп келгенде, жағбы ханның бас уәзірі, бұл қызметте көбінесе хандық құрып тұрған әuletтің мүшесі сайланатын болған. Қағанның жанында қаған әuletінің белді мүшелерінен, әскер басылар мен ұлыстар басшыларынан, т.б. беделді қоғам мүшелеріне тұратын қаған кеңесі болған. Көне дәстүр бойынша қаған өзін орнынан сырғытып жіберуге құқылы кеңестің шешімін жоққа шығара алмайтын [5.18]. Қағанның билігін осында шектеу мемлекеттің тек алғашқы кезеңінде орын алған болса керек. Қаған шынында мүшелерін өзі тағайындастын қаған жанындағы кеңеске ешқандай тәуелді болмаған. Қөшпелі Түрік қағанатының ел басқару құрылымы үштік жүйеге негізделген. Олар қағанатты тардұш (он қанат), төлес (сол қанат) және ічрекі (орталық) деп үшке бөлгөн. Қағанатты Тардұш Төлес қанатқа бөліп басшыларына шабғу, шад лауазымы сыйлағанын мәлімдеген [6.51]. Далалық қөшпелелілердің атқарушы үкімет жүйесі мен әскери басшылығы араласып кеткен. Өйткені қөшпелі өмір салты, шаруашылықты жүргізу, ұйымдастыру, кеңістік пен уақытты игеру ерекшілігі осылан бейімделген. Сондықтан Еуропа зерттеушілері Еуразия қөшпелелілерінің мемлекетін әскери аристократия деп атаған. Зерттеу барысында көне және орта ғасырлық қөшпелілер мемлекетінің ел басқару құрылымын әсрекі - әкімшілік жүйеге құрылғанына көзіміз жетіп отыр. Деректерді алға тартсақ, Түркі қағанатының ічрекі деп аталған орталық Ел – етміш білге қағанның үлес еншісі (құтлығы). Бірақ оның барлық ісін Бойла Баға Тарқан лауазымды іс – Бұйрық (Орталық қанаттың қолбасшысы) жүргізіп отырған. Ол бейбіт өмірде шаруашылығын жүргізсе, соғыс уақытында бүкіл қолды бастаған. Тардұш, Төлес қанатының ябғу, шад лауазымды басшылары да дәл солай үкіметтік және әскери қызметін қатар жүргізіп отырған. Осы қанаттарға тайпалар мен тайпалар одағын бөліп орналастырып, олардың жоғарыдағы Ічрекі, Тардұш, Төлес қанат басшыларының үлесіне бөліп берген. Қанаттардың қол астындағы тайпалар қаласа да, қаламаса да оған басыбайлы болған. Оның себебі, шаруашылықты игеру ерекшелігіне байланысты, әрі үкіметті басқару жүйесі қөшпелілер ортасында осылайша қалыптасқан. Егер қандай бір адам өз тайпасынан шығып басқа тайпаға баратын болса, олрдың ішіне өмір сүретін болмыс та, орын да жоқ. Өйткені “кірме” деген атпен адами психология жағынан да, өмір сұру, тірі жүріп тіршілік ету көзі болған шаруашылық–экономика жағынан да қысым көріп отыратын болған. Ешкім кірменің жаттың жоғын жоқтап, құқығын қорғамайды. Түркілер дәүіріне қандай адам бомасын өз тайпасынан шығып кетуге құқылы. Бірақ жат тайпаның ішіне кіріп өмір сұру мүмкіндігі жоқ. Далалық басқару жүйесі осылай құрылған. Сонау ерте заманнан дәстүр болып жалғасқан ата жолы бойынша берілген енші ел иелері қол астындағы елін, жүртін бейбіт кезде де, соғыс кезінде де басқарып, әкімшілік және әскери істі қатар жүргізіп отырған. Қағанат төрі (өкімет) халықтан арнайы тоқтам бойынша алым-салық алып отырған. Қанаттар тайпа көсемдерінің, ру басшыларының салығының сыртында қаған салығын рудан бастап қанаттарға дейін төлеп келген. Егер кімде кім салығын төлемесе төр (өкімет) тарапынан жаза жүктелетін болған. Қағанат қалыптасып өмір сұру, ішкі ісін жүргізу үшін экономикалық фактор шешу рөлін атқаратыны түсінікті. Мемлекет қазынасын құрушы бір компонент халықтан түсетін салық. Міне, сондай салықты байыргы түркілер “ берім” (берешек) деп атаған. Сондай – ақ салық төлемінің сыртында ішкі – сыртқы соғыс, қақтығыс кезінде көптеген дүниелерді олжалап, хан қазынасына қосып отырған. Әскери-әкімшіліктің осы жүйесі бойынша бейбіт уақытта шаруашылығын жүргізіп, отбасын асырап, салығын төлеумен қатар қаған қазынасын молайтуға күш жұмсал отырған. Ал егер ел ішінде тынышсыздық пайда болса, ел шетіне жау тисе, немесе басқа қағанатқа соғыс жарияласа, өкіметтік бұл әскери-әкімшілік жүйесі алдан – ала жасалып қалыптасқан тәртіп бойынша тұра әскерге айналып, міндетін ешқандай ауыртпалықсыз-ақ атқарып жүре беретін болған. Түрік қағандығында қағаннан бастап ру - тайпа бастығы бектерге дейін жиырма сегіз дәрежелі лауазым иелері болған [7.17]. Далалық

көшпелілер қағанаты – мындаған жылдар бойы ел басқару сабактастығы үзілмеген, үкіметтік әкімшілік жүйесі қалыптасқан байырғы халықтардың бірі болды. Түрік қағанаттарының құқықтық жүйесі жете зерттелмеген. Ол туралы деректерде де аз айтылады. Түріктердің құқығының негізгі бастауы қайнар көзі-әдет ғұрып болған. Қытай жылнамасында көрсетілген көне түркілердің мемлекеттік заңының негізгі ірі-ірі жеті баптан тұрған: 1-бап. Көтеріліс жасап, бүлік шығарған кіслерге өлім жазасы кесілсін (мемлекеттің бүтіндігін сақтау талабынан туған); 2-бап. Түркі жұртының мұддесін сатып, елге опасыздық еткендер өлім жазасына кесілсін; 3-бап. Қағанат ішінде жазықсыз кісі өлтіргендер өлім жазасына кесілсін; 4-бап. Сәйгүлік атты ұрлаған кісіге өлім жазасы бұйырылсын (ат-қағандықтың соғыс күші); 5 –бап. Ұрланған бағалы мүлік үшін он есе артық айып төленсін; Сонымен қатар, Түрік қоғамында малға, түрлі қарулар мен өндіріс құралдарына жеке меншік болған. Жер жеке адамның жеке меншігі болмаған. Жер қауымның, ру-меншігінде болды. Жерді бөлуді, пайдалануды қаған, оның атынан ру тайпа басшылары шешті. Түріктер көшпелі халық болғандықтан отбасы патриархиалдық сипатта болды. Әке отбасы басшысы болды әрі оның айтқаны орындалатын. Түрік қағанатында қылмыстық жазаның әр түрі қолданылды. Сатқындық, әсрекер тәртіпті бұзғаны үшін, қағанға қарсы шыққаны т.б. жағдайларда өлім жазасы қолданылды. Мал ұрлағаны үшін оның құны 10 есе артығымен төленді. Сот билігі қағаның және оның атынан іс жүргізетін бұйрықтар мен тархандардың қолында болды. Сот ашық турде екі жақты толық тыңдау арқылы жүргізілді. Түрік қағанаттары сол кезең үшін дамыған мемлекеттік құрылымы жағдайында өмір сүрді. Оның мемлекеттік аппаратында көптеген лауазым иелері қызмет етті. Осы құқықтық негізге, негізделіп түп тамыры бекіген қазақ хандығы қалыптасты. Дала өркениетінің тарихында ғасырларға ұласқан оқиғалар мен өзгерістер болып отырған. Осындай жағдайда көне дәуірдің мұрасы ретінде қазақтар өзінің негізгі құндылықтарын сақтап қалды. Қазақ халқының тарихи құндылығының бірі – әдettік-құқықтық жүйе. Әдettік-құқықтық жүйенің мәдени және демократиялық дәстүрлеріне негізделген қазақ құқығы өзінің реттеушілік мәнін XIX ғасырға дейін сақтап келді. Қазақтың әдettік-құқықтық жүйе- сінің өміршендігінің екі себебі болды. Алғашқысы – көшпелі өркениеттің шаруашылық-тұрмыстық негізі, екіншісі дүниетанымдық құндылығының жоғалтпаған қоғамның сұранысы болды. Қазақтың әдettік-құқықтық ескерткіші – көшпелі өркениеттің мәдени байлығы. Ол мынжылдық тарихымен және өміршендігімен, адам еркіндігін жақтаған сипаттарымен ерекшеленді. Қазақтың құқық-тық жүйесінің тарихын зерттеу қазақ қоғамының өмір тіршілігін және мемлекеттің саяси билік, әлеу-меттік құрылымы маңындағы күрделі мәселелерді анықтауға жол ашады. Қандай құқық болса да қоғамның талаптарына орай туынайды, бұл жағдай қазақ қоғамына қатысты күрделі мәселелерді қарастыруда әдettік- құқықтық қатынастардың маңыздылығын көрсетеді. Көшпелі мемлекеттердің құқықтық қатынастарды реттеу әрекеті түрлі тари- хи кезеңде откенімен, оның қызметі және ішкі мәні жақын болды. Қазақ хандығының мемлекеттік құрылымы, саяси билік формасы, құқықтық мәдениетінің даму үдерісі ертеден бастау алады. Қазақстан территориясында көне дәуірде өмір сүрген тайпалардың және табиғи-дәстүрлі кезеңдегі қоғамдық қатынастар мен құқықтық жүйесінің сипаты қазақ қоғамының өзіне тән құқықтық негіздерінің қалыптасуына ықпалын тигізді. Қазақ құқығының тарихи бастауларын, ең алдымен дағдылы құқық немесе әдет-ғұрып нормалары құрайды. Екінші кезеңде - қазақ әdettіk-құқықтық қатынастарына ықпал жасаған шарығат зандары. Үшінші - кезең қазақ даласында билік құрған жеке билеушілердің құқықтық заң ережелері, «хан жарлықтары». Төртінші кезеңді қалыптасқан дәстүрлі қазақ қоғамының заң шығармашы- лығымен айналысқан билер институты құрайды. Қазақтың құқықтық жүйесін құрайтын дағдылы ережелер алғашқы адамзат қоғамының қалыптасуымен қатар жүрді. Қоғам- дық қатынастардың күрделенуі әдettегі нормалардың құқықтық негізде сипат алуына әсер етті. Алғашқы құқықтық қатынастардың пайда болуы әлеуметтік үдерістің жемісі болды. Көшпелі қоғам жағдайында рулық қатынастардың үзілмей сақталуында, көшпелі мал шаруашылығындағы қатынастарды реттеуде әдет-ғұрып құқық- ғы тиімді жол болып табылды. Қоғамдағы сұранысқа ие ереже- лердің қалыптасуы үшін оның ішкі саяси құрылыммен, шаруашы- лықпен және рухани мәдениетпен ұштасып

жатуы қажет болды. Осы ережелер қоғамның өз ішінде пайда болып, оның іске асуын қадағалау нәтижесінде ру мүшелерінің міндеттері мен құқықтары қалыптасты. Құқықтық жүйенің пайда болуына әлеуметтік және табиғи орта барынша ықпал етті. Осыған орай әр қоғамның өзіне сай құқықтық тәртібі мен меншік құқығы енді. Көшпелі қоғамдағы рулық қатынастың беріктігі индивидтік құқықтың қалыптасуына тосқауыл болды. Қоғамдағы жеке индивидтің іс-әрекеті рулық құқық негізінде қарастырылды. Құқықтық қатынастардың күрде-ленуіне төтенше жағдайлар да әсер етті. Сыртқы жаудан қорғану мақсатында рудың әр мүшесі жауынгер болды, ал ерекше қабілеті бар ру мүшесіне басқару құқығы берілді. Бейбіт өмірде құқықтық қатынастар әдет-ғұрыптарға негізделді. Бұл құқық отбасы, шаруашылық, қылмыстық істерді қамтыды. Көптеген зерттеулерде халықтардың дәстүрлі құқықпен қатар халықаралық, сауда құқығының болуын ол халықтың мемлекеттік құрылымынден гейіне көтерілгендерінің айғағы ретінде қарастырылады. Әдеттегі құқық индивидті рулық құқықтан тыс қарау мүмкін еместігін анықтайды. Соңдықтан әдет-ғұрып құқығы негізінде азаматтық, қылмыстық, шаруашылық тағы басқа құқық жүйелері туындаады. Әдеттегі құқық көшпелі қоғамдағы мемлекеттіліктің тетіктерінің қалыптасуына жағдай жасады. Қазақ құқығының тарихи бастауы болып табылатын ру ішінде қалыптасқан әдеттік-құқық ғасырлар бойы мазмұнын өзгертіп, негізгі мәнін сақтап қалды. Соғавн негізділген бірінші конституция 1924жылы Қазақстан «автономиялы республика» атандып тұрған кезде қабылданса, екіншісі негізгі заң ретінде 1937 жылы «жеңімпаз социализм конституциясы» түрінде қабылданыпты. Үшіншісіне келсек, ол 1978 жылы «жетілген социализм конституциясы» ретінде өмірге қайта жаңарып, жасалған кескін-келбетте жетілдірілген екен. Яғни, олардың қай-қайсысы да өз кезең-кезінің айнасы іспеттегі мазмұн-мәнде өмірге келіпті. Жоғарғы Кеңес «Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияны» 1990 жылы 25 қазан күні 18 сағат 55 минутта қабылдады. «Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияда» Қазақстан аумағының біртұастығы мен оған жат көзкарас, карсы әрекеттер болмайтындығы бекітілді. Декларацияда аса маңызды мәселе — республиканың өз бюджетін қалыптастыратындығы айқындалды. Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы Декларация — еліміз Конституциясының негізіне айналған республиканың тұнғыш заң акті. Бұл құжатта Қазақстан «халықаралық қатынастардың дербес субъектісі болуға, сыртқы саясатты өз мүдделеріне сай белгілеуге, халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысуға құқығы бар» егемен мемлекет деп жарияланды. Декларация алғаш рет табиғи ресурстардың, экономикалық және ғылыми-техникалық әлеуетінің Қазақстан меншігінде болуының ерекше құқығын баянды етті. Егер егемендік қағидаттарына қайшы келетін болса, Қазақстан аумағында КСРО зандарын тоқтату құқығын белгіледі. 1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігін жариялау — Қазақстан үшін өз дамуының жолын дербес анықтау мүмкіндігін ашқан тұнғыш акті болды. Сонымен, Қазақстан Республикасы Конституциясының тарихына шолуымызды жалғастыра келе, енді 1995 жылғы Ата-заңымызға келсек, ол жалпы халықтық референдум арқылы қабылданды. Тәуелсіз Қазақстаниң алғашқы Конституциясы 1993 жылы 28 қаңтарда XII шақырылған Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің IX сессиясында қабылданды. 1995 жылы 30 тамызда республикада бүкілхалықтық референдум өтті, нәтижесінде Қазақстанның жаңа Конституциясы қабылданды және 5 қыркүйек күні өз күшіне енді. Бұл Конституцияның 1993 жылғы Конституциядан айырмашылығы оның мазмұнында еді. Жаңа Конституцияға алғаш рет азаматтың құқығына қатысты ғана емес, адам дүниеге келген сәттен бастап одан ажырамас құқықтарына да қатысты нормалар енді[8,31]. Міне біздің қазақ мемлекеті болып қалыптасқанымызға 550 жыл толды. Және оған дәлелдер келтірілді. Қазақ хандығының 550 жылдығын тойлау ел тарихындағы ең елеулі оқиғалардың бірі болғалы отыр. Себебі, тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің өз тарихын таразылап, ұлылығын ұлықтайтын күн туды. 550 жыл бұрын қалыптасқан мемлекеттіміздің мемлекеттілігін дәрілтеп, үрпақтан-үрпаққа жалғастырайық!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сапарғалиев Ф. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы. Алматы «Жеті Жарғы» 2004 Сапарғалиев Ф. -3 б
2. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы Егемен Қазақстан. 2009 жыл, 28 тамыз.-14б.
3. Назарбаев Н.Ә. Шынайы конституционализмсіз ашық Өркениетті қоғам жоқ Қазақстан Республикасы конституциясының түсіндірме сөздігі-Алматы: Жеті жарғы, 1996.-368б.
4. Гумилев Л. Н.“Көне түріктер“. Алматы. “Білім”, 1994. 44 бет Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. – Алматы: “Жалын”, 1994.
5. История государства и права Казахской ССР. Часть I - Алматы: 1982. 18- бет.
6. Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары: тарихнамалық – деректанулық талдау. – Астана, 2003. 51 бет
7. Салғараұлы Қ. Түркі қағанаты жөнінде бірер сөз Ақиқат. 2006. №1 13- 17бет.
8. Ақиқат ұлттық қоғамдық-саяси журналы №2, 2015 жыл 31 бет

УДК 347.7(075.8)

ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ӘДЕТ-ҒҰРЫП ЗАҢДАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Распек Жанар

R_zhanar96@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҮУ, Заң факультетінің 1-курс студенті, Астана, Қазақстан
Фылыми жетекші: з.ф.к., доцент Б.Ә. Алтынбасов

Әр халықтың өз тарихындағы басты арманы – ата-бабаларынан қалған жерін белгілең, егеменді ел атанаңп, тәуелсіздікке қол жеткізу. Қазіргі дамыған заманда әр мемлекеттің территориясын шарлап, тунеп жүрген, этнос болып қалыптасса да, шаңырағы бір мемлекет болып қалыптаспаған халықтар жетерлік. Этнос болып халықтың өзі қалыптасу бір бөлек, ал мемлекеттік деңгейге жетіп, тәуелсіздікке ие болу одан да қын мәселе. Себебі, мемлекетке тән барлық белгілерге ие бола тұра халық одан әрі өз құндылықтарын дамытып, тұрмыс-жағдайды түзетіп, дамыған елдермен терезесін теңестіруге мол мүмкіндік алады.

Тәуелсіздікдің бақ құсын қолға қондырып, өз мемлекеттің алға басып жүрген қазақ елі осы күнге жету үшін аз қан төккен жоқ. Алайда, өмірдің қиын жолдарынан аман етіп, ең маңызды, ең асыл қазынамыз – тәуелсіздікті үрпаққа аманат етті. Дегенмен, егемендігіміздің маңызды бастауы Қазақ хандығының құрылуымен тікелей байланысты. Қазақ елі өз хандығын құрып, ел болып қалыптасқанынабыл 550 жыл толып, респубикалық деңгейде тойлануда. Қазақ хандығы өмір сүрген жылдар біз үшін аса құнды сәт болып есептелмек. Себебі, қазіргі кезде қолданып жүрген мемлекетті басқару нысандары, қоғамды бейбітшілікпен қамтамасыз ету жолдарының бәрі – көнеден бастау алады. Осындай қолданыста болған, еліміз үшін өте маңызды, бағалы, халықты тыныштықпен қамтамасыз еткен еткен, әрине, сол замандағы қазаққа мұрамен келген дәстүрлі әдет-ғұрып заңдары. Қазақ халқының шыққан тегі, тарихы, құқықтық мәдениеті өте қызықты, әрі құрделі мәселе. Қазақ халқы тарих аренасына шыққаннан бастап қаншама қылыш-қылыш замандардан өткенімен адамгершілік қағидасын ұстануы негізінде қоғамдағы қолданыста болған әдет-ғұрып нормаларының қазіргі уақытқа дейінгі маңыздылығы жоғалмаған. Бұл нормаларды құрауда халық адам құндылығын, әділеттікті, теңдікті және адамгершілікті бірінші орынға қойғандығы көрінеді.

Қазақтың ежелгі дәстүрлі құқықтарының пайда болуын сөз еткенді біздің жыл санауымызға дейінгі дәуірдегі патриархалдық қоғамдағы қалыптасқан салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды, заң тәртібі ретінде қолданылған жол-жора, үкім-кесімдердің құқықтық өлшемдерін айтпай кетуге болмайды [1].